

Құрманғазы Сағырбайұлы
атындағы жалпы орта мектебі



Тақырыбы:

«Ханзада мен ханшайым»

2019-2020 оқу жылы

Такырыбы: «Кішкентай Ханзада мен Ханшайым»

Мақсаты: Оқушылардың күзгі табиғат ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейте түсу, табиғатты сүюге, аялауға, еңбекті бағалауға, еңбек етуге үйрету. Күз байлықтары-астық, көкөніс жемістер туралы білімдерін толықтыру. Мектебімізде өткізіліп «Кішкентай Ханзада мен Ханшайым» байқауына ұйымшылдықпен қатыса отырып «Күз-байлық, күз-береке, күз-қуанышы» мағынасын оқушы санасына жеткізу.

Көрнекілігі: «Кішкентай Ханзада мен Ханшайым» байқауы жазылған плакат, шарлар, суреттер, жапырақтар, гүлдерден жасалған композициялар.

Жүргізуші: Қайырлы күн, ұлағатты ұстаздар, ата-аналар және оқушылар. Берекелі де мерекелі Алтын күз мерекелеріңіз құтты болсын! Қызыл айы-мерекелі ай. Қырман толып, халықымыздың ырысы артатын берекелі ай. Келесі күзге дейін жүрегімізде есте қалатындай арман сезімін себелейтін, үнемі асқак мұраттарға жетелеп отыратын қасиетті ай. Ендеше, Алтын күз мерекесі әрбір жанға құт пен береке, ырыс пен табыс әкелсін демекпіз...

Жүргізуші: Қарсы алыңыздар кешіміздің үміткер Ханзадалары мен Ханшайымдары!

1.3«А» сынып оқушылары-Орынбасар Жеңіс, Орынбасар Гүлсара
2.3«Ә» сынып оқушылары-Аманжол Ернұр, Борашева Арайлым
3.3«Б» сынып оқушылары-Анарбай Азамат, Нұрымқұл Назерке
4.3«В» сынып оқушылары-Жолбарыс Нұрбол, Тұрсынбай Айдана

Жүргізуші: Әділ қазы, ақ қазыға бір сәлем,
Әділдікке бас иеді күллі әлем,
Жүйрік озар сайыстарда неше бір,
Сарапқа сал, әділдікпен шеше біл...

Бүгінгі сайысымызға қазылық жасайтын қазылар алқасымен таныс болыңыздар...

Оқу ісінің меңгерушісі: Л.Қалиева

Бастауыш сынып мұғалімі: Г. Жолдыбаева

Жүргізуші: Құрметті сайыскерлер «Кішкентай Ханзада мен Ханшайым» байқауымыздың кезеңдерімен таныс болайық.

Байқауымыз 4 бөлімнен тұрады

1-бөлім: «Өз өнері» (ән, күй, би, мәнерлеп оқу)

2-бөлім: «Сұрақ-жауап» (мақал-мәтелдерді жалғастыру)

3-бөлім: «Сән үлгісі» (қолдан жасалған киімдер)

4-бөлім: «Күзгі сый» (күзгі такырыптарға байланысты материалдармен жабыстырмалау)

Жүргізуші: Ал кімнің өнері бар қаншалықты
Би-билеп, ал біреуі ән салыпты
Бүгінгі сайыста бәйге алуға
Сайыскерлер аянбай жан салыпты-деп, сайысымыздың
«Өз өнері»-деп аталатын кезеңімізді бастаймыз.

Жүргізуші: Білім жолы-сара жол,
Білімді адам бастар қол.
Сұрақтарды тындап ал,
Жауап беруге дайын бол!
Сайысымыздың екінші кезеңі «Сұрақ-жауап»(мақал-
мәтелдердің жалғасын табу) бөліміндегі сұрақ-жауапқа кезек берейік.
Ендігі кезекті әнге береміз. 3«А»сынып оқушысы Өмірзақ Каусардың
«Ұстазым»әніне кезек берейік. Қабыл алыңыздар!

3«Ә»сынып оқушысы Тәжібай Сержанның орындауында
«Алға, Қазақстан»әні. Қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: Сымбатына сән киім жарасатын.
Аспандағы айменен таласатын
Өнеріне сай келіп, дайын тұрған
Қыздарымызбен, ұлдарымызға қызығып қарасатын
Сіздерге табиғи материалдан жасалған сән үлгісін ұсынамыз!

3-бөлім «Сән үлгісіне»кезек береміз

Ендеше, 3«Б»сынып оқушысы Мырза Ақниеттің орындауында «Бала тілегі-
бал» әнін қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: Шеберлер өнер тамған қолынан,
Жаңылмаған ата-баба жолынан
Шебер қолдар өз-өнерін көрсетсін
Біз айтайық төрелігін соңынан.
Ендеше, 4-бөлім «Күзгі сый»(күзгі тақырыптарға байланысты
материалдармен жабыстырмалау) қолөнер бұйымдарына кезек береміз.

Жүргізуші: Олай болса, кезекті әнге берейік. 3 «В»сынып оқушысы Серікбай
Перизат «Ертегілер елінде»әні.

Жүргізуші: Қазағымның жігіттері мен қыздары жұп болып сынға түсті,
Салт-дәстүрлері жанарып еске түсті

Ханзада мен Ханшайым анықталып,сын сағатта
Бұл сағатта ата-ана көптен күтті.
Қуаныш бүгін мынау құтты болсын
Қыздарымызбен ұлдарымыз өсе берсін болып мықты!
Кімдер жүйрік,өнерпазды білейікші,
Әділқазыларға төрелік берейікші,
Жеңіп шыққан Ханзада мен Ханшайымға
Құттықтап сәттілікті тілейікші.
Келесі сөз кезегі әділқазылар алқасына беріледі.

Жүргізуші:Жүзден жүйрік күшімен
Мыңнан тұлпар мықты шын
Құттықтаймыз ал енді
Ханзада мен Ханшайымды
Өрге жүзіп өнері
Тауға өрлесін талабы
Шоқтай болып жанады
Қуанышпен жанары-деп Күз «Кішкентай Ханзадасы мен
Ханшайымды» шын жүректен құттықтаймыз!Бүгінгі мерекелік іс-шарамыз
аяқталды. Жеңісті күндерде кездескенше!

Орындаған:  Қоңырбаева З.

Ханзада мен ханшайым

